| | | |
|---|---|---|
| «Ә/Б отырысында қаралды №1 | «Келісемін» | «Бекітемін» |
| Ә.Б жетекшісі:А.Қыстаубаева | МДОІЖО: И.Оразгалиева | Мектеп директоры : Е.Тұрғанғазин |
| «27» тамыз 2024 жыл | «27» тамыз 2024 жыл | «29» тамыз 2024 жыл |

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Пәні:Құрастыру,Мүсіндеу,Сурет салу,Жапсыру

Топ/Сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы :5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:(айды,жылды көрсету) Қыркүйек-Мамыр 2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешісі: Омарова Кенжегуль Нурбаевна

**2024-2025 оқу жылы**

## Түсініктеме

«Сурет салу» оқу-әдістемелік кешен жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген*).
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген*).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – педагогтерге «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі ҰОҚ) жаңа педагогтік тәсілдерін жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар береді.

*ОӘК-не:*

- әдістемелік нұсқау
- № 1,2 жұмыс дәптері *кіреді.*

Әдістемелік нұсқауда бір жылға арналған перспективтік жоспар және 36 ҰОҚ-ға арналған жоспарлар берілген.

Сабақтың құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады:

- Бірінші кезең – ұйымдастыру кезеңі (*жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастырып, сабаққа ықыласын ояту, балалардың ұсынылып отырған сабақ тақырыбын қуана қабылдауы үшін қажет*);
- Екінші кезең – негізгі кезең;
- Үшінші кезең – рефлексия, бұл кезеңде жаңадан алған білім игеріліп, реттеледі.

Балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден-бір тиімді жолы көркемөнер болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде көркемөнерге ерекше орын беріледі. Ол бала жанын әртүрлі сезімге бөлей отырып, балаларға күнделікті өмірдегі құбылыстардың мәнін ашады, оларды қоршаған ортаға мұқият қарауға үйретеді. Әсемдікті түсініп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді. Баланың көркем ойлау жүйесі тұрақты дамуы үшін педагог оның жасына сәйкес қызмет түрлерін дұрыс таңдай білуі қажет.

Әр баланың өмірлік құбылыстарды көркемдік тұрғысынан қабылдауы қашан да өзіндік ерекшелік болып табылады. Оның негізінде әсемдікті түйсініп, оған өз көзқарасын білдіру жатады. Бала үнемі табиғаттағы, заттық дүниедегі, өнердегі әсемдікке, адамдардың мейірбан сезіміне үн қосуға бейім. Бұл жағдайда сәбидің бастан кешірген қуанышы, талпынысы, толғанысының

маңызы зор.Көркем ойды тәрбиелеу әдістері де алуан түрлі. Олар көп жағдайда: көркем ақпараттың көлемі мен сапасына, ұйымдастырылуы мен қызмет түрлеріне, баланың жас ерекшелігіне байланысты. Бұл жерде педагогтің даярлық деңгейі, шеберлігі мен қабілеттілігінің атқаратын рөлі аз емес.

Көркемдік жайлы ұғымдарды бала әлеуметтік ортадан, заттық дүниеден, табиғи құбылыстардан, көркем шығармалардан алады. Сондықтан да оның сурет, ертегілер мазмұнын, әуеннің сазын тұтастай қабылдауы өте маңызды. Бұдан әрі педагог балаға дыбыстарды беріле тыңдауға, заттың бояуы мен пішініне зер сала қарауға көмектесу үшін оның назарын бөлшектерлі қабылдауға.

құлықтарына, әдеттеріне ерекше назар аударуды ұсынады.

Педагог балалардың көркемдік әсерді қалай қабылдайтындығына қарай өнер туындысын тамашалай отырып, музыкалық әуен сазын, әнді, ертегіні тыңдай отырып, суреттерді көре отырып, тікелей әңгімелеу, түсіндіру, сұрақтар қою арқылы көркем ойды тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін көрнекі және ауызша деп бөле алады. Бұл әдіс- тәсілдерге нақты талаптар қойылады. Әдеби және музыкалық шығарманы орындау көркем мәнді, эмоциялық тұрғыда болуы тиіс, әйтпесе өнердің қай түрімен танысу да әсерсіз болады. Сөйлесу барысында балалар сурет, өлең, ән мазмұнын не тапсырма мәнін түсініп қана қоймай, кейіпкер көңіл күйлеріне сәйкес жайды өз бастарынан кешіргендей күйде болуы үшін де жарқын образдылыққа жетулері қажет.

Әдістер қызметтің ұйымдастырылу формасына байланысты өзгеріп отырады. Көркемөнер оқу қызметінде педагог дәл нұсқаулар береді де, балаларға орындау тәсілдерін өздері табуын ұсынады т.б. Баланың дербес қызмет етуінде үлкендердің жетекшілігі жанама ықпалмен шектеледі, ол тек іс-әрекетке итермелеу, еске түсіру немесе қателерді түзету деңгейінде қалады.

Өлең мен әндерді жаттап үйрену де оларды үлкендердің алдында орындауын, шығарманың мазмұны мен күйін білдіретін көркемдік қасиеттері туралы әңгімелесуді, көрнекі құралдарды пайдалануды, балалардың мәтінді бірнеше рет қайталауын т.б. талап етеді.

Педагогикалық ғылым мен тәжірибе балалардың эстетикалық сезімдері, көркемдік талғамдары, ой қорытуы, бағалауы тәрізді тәжірибелік қызметтері қалыптасуына көмектесетін келесі әдістерді анықтайды:

– эстетикалық қабылдауы, бағалауы, талғамының бастапқы көріністерін дамытуға бағытталған сендіру әдісі;

– қоршаған ортаны көркем ой арқылы қабылдау және мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыруға арналған іскерлік дағдыларға жаттықтыру әдісі;

– шығармашылық және тәжірибелік қызметтерге итермелейтін проблемалық жағдаяттар әдісі;

– әсемдікке ұмтылып, эмоциялық-жағымды пікір тудыратын және қоршаған ортадағы келеңсіздіктерге қарсылық сезімдерін ояту әдісі.

Көркемдік тәрбие беруде қолданылатын сендіру әдісінің ерекшелігі – оны қабылдайтын құбылыс әсем болған жағдайда ғана пайдалану керек. Мерекелік ертеңгілікке, өнер мұражайына саяхатқа барғанда бала эмоциялық сезімге беріледі. Бұл әдісті көрнекілік, сондай-ақ, әңгімелесу әдісі деп те санауға болады, өйткені балалардың кез келген бақылауы педагогтің сол сәтте немесе кейінірек айтылатын баланың сезімі мен ойлауын оятуға бағытталған түсініктемесімен қосарланып жүргізіледі. Аса жарқын да әсерлі көркем шығармаларды таңдап, тиісті қызмет пен жан толқынысын тудыра білу маңызды. Педагог балаларға ұсынылатын материалды жақсы меңгеруі қажет. Оның сөзі нақты, мәнерлі болуы тиіс. Педагог бала назарын түрлі пішіндегі әсем көріністерге аударып, нақты мысалдар арқылы «не жақсы, не жаман» екендігіне сендіре білуі тиіс.

Үйрету, жаттықтыру әдістерінің мәні – баланы тыңдай, көре, бағалай білуге және соған сәйкес белсенді қызмет етуге бағыттау. Жүйелі түрде көркем іс-әрекет жасауға жаттығу, қоршаған ортаны шамасы жеткенше өзгертуге үлес қосу балалар белсенділігін арттырады.

**2024 - 2025 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚҰРАСТЫРУ ,МҮСІНДЕУ,СУРЕТ САЛУ,ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: Сапаққөл орта мектебі**
**Топ/сынып:**Мектепалды даярлық
**Балалардың жасы:**5-6жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қыркүйек-жылдық 2024-2025 оқу жылы

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Көшедегі үйлер | Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату | 1 | 6.09 |
| 2 | .Көліктер | Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату | 1 | 13 |
| 3 | Жер асты көліктері | Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату | 1 | 20 |
| 4 | Жемістер | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану. | 1 | 27 |
| 5 | Көкөністер | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану. | 1 | 4.10 |
| 6 | Жидектер | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс | 1 | 11 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Су көліктері | Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | 1 | 18 |
| 8 | Менің ойыншығым | Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | 1 | 25 |
| 9 | Менің досым | Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. | 1 | 8.11 |
| 10 | Үй құсы (балапандар) | Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. | 1 | 15 |
| 11 | Дала құсы (торғай) | Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. | 1 | 22 |
| 12 | Орман құсы(Үкі) | Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. | 1 | 29 |
| 13 | Ормандағы қоян | Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. | 1 | 7.12 |
| 14 | Жайлаудағы құлыншақ | Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу | 1 | 14 |
| 15 | Сүйкімді қошақан | Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу | 1 | 21 |
| 16 | Киіз үй | Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. | 1 | 28 |
| 17 | Аңдар | - Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, | 1 | 10.01 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. | | |
| 18 | Төрт түлік | Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау | 1 | 17 |
| 19 | Әжемнің асханасында (ыдыстар) | Қаз4қ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. | 1 | 24 |
| 20 | Әжемнің асханасында (ыдыстар) | Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. | 1 | 31 |
| 21 | Сыйлық (әшекейлер) | Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. | 1 | 7.02 |
| 22 | Анама камзол сыйлаймын | Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру | 1 | 21 |
| 23 | Теңіз патшалығында | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. | 1 | 28 |
| 24 | Сүйікті ертегіміз | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. | 1 | 7.03 |
| 25 | Мамандықтар құралдары | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. | 1 | 14 |
| 26 | Әжемнің сандығы | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. | 1 | 4.04 |
| 27 | Ұлттық аспабтар | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. | 1 | 11 |
| 28 | Ұлттық аспабтар | Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу | 1 | 18 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | Бауырсақ ертегісі кейіпкерлері | Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. | 1 | 25 |
| 30 | Үш аю ертегісі | Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. | 1 | 2.05 |
| 31 | Жеті лақ ертегісі | Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. | 1 | 9 |
| 32 | Досыма сыйлық | Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | 1 | 16 |
| 33 | Жәндіктер | Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | 1 | 23 |
| 34 | Жаз келді | Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | 1 | |